# "Дүниежүзілік Банктің "Doing Business" рейтингісі индикаторларын жақсарту жөніндегі шаралардың 2013 жылға арналған кешенді жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2012 жылғы 10 желтоқсандағы № 227-ө өкіміне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2013 жылғы 2 тамыздағы № 130-ө өкімі

«Дүниежүзілік Банктің «Doing Business» рейтингісі индикаторларын жақсарту жөніндегі шаралардың 2013 жылға арналған кешенді жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2012 жылғы 10 желтоқсандағы № 227-ө өкіміне мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

2-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың 5-күніне дейін Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігіне Кешенді жоспардың іске асырылу барысы туралы ақпарат берсін.»;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігі тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың 15-күніне дейін Қазақстан Республикасының Үкіметіне Кешенді жоспардың орындалу барысы туралы жиынтық ақпарат беруді қамтамасыз етсін.»;

көрсетілген өкіммен бекітілген Дүниежүзілік Банктің «Doing Business» рейтингісі индикаторларын жақсарту жөніндегі шаралардың 2013 жылға арналған кешенді жоспарында:

4-бағанда:

реттік нөмірлері 2, 3, 4, 7, 20, 22, 27, 28-жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

«ӨДМ-ге ақпарат»;

реттік нөмірлері 12, 13-жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат»;

реттік нөмірлері 24, 25-жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

«ЭБЖМ-ге ақпарат»;

реттік нөмірі 26-жол мынадай редакцияда жазылсын:

«ЭБЖМ-ге ақпарат»;

5-бағанда:

реттік нөмірлері 1, 5, 10, 11, 14-жолдардағы «ЭДСМ» деген аббревиатура «ӨДМ» деген аббревиатурамен ауыстырылсын;

реттік нөмірлері 10, 11-жолдардағы «ҚТҮКШІА» деген аббревиатура алынып тасталсын;

реттік нөмірі 12-жолдағы «ЖРА» деген аббревиатура алынып тасталсын;

реттік нөмірлері 12, 13-жолдардағы «ҚТҮКШІА» деген аббревиатура «ӨДМ» деген аббревиатурамен ауыстырылсын;

реттік нөмірі 26-жол мынадай редакцияда жазылсын:

«Қаржымині, ККМ, халықаралық сауданы мемлекеттік реттеуге тартылған мемлекеттік органдар»;

ескертпеде: аббревиатуралардың толық жазылуында: мына:

«ҚТКШІА – Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі»

«ЖРА – Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару агенттігі» деген жолдар алынып тасталсын;

«ЭДСМ – Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрлігі» деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

«ЭБЖМ – Қазақстан Республикасы экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі»;

мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

«ӨДМ – Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігі».

*Премьер-Министр* *С. Ахметов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК